

## 1996 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген шығыстарды қаржыландыру ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 6 ақпан N 166

Республикалық бюджеттің қаражатын жұмсауда үнем тәртібін толық және қатаң сақтау, сондай-ақ республикалық бюджет бойынша көзделген шараларды дер кезінде қаржыландыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1996 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген шығыстарды қаржыландыру ережесі бекітілсін және 1996 жылғы 1 ақпаннан бастап күшіне енгізілсін (қоса беріліп отыр).

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1996 жылғы  
"6" ақпандағы  
N 166 қаулысымен  
БЕКІТІЛГЕН

1996 жылға арналған республикалық бюджетте  
көзделген шығыстарды қаржыландыру  
Е Р Е Ж Е С І

Республикалық бюджетті атқару Қазақстан Республикасының Қаржы министрі бекітетін кірістер мен шығыстардың (тоқсан және ай бойынша бөліп көрсетілген) жылдық жазбасы бойынша бюджеттің бекітілген көрсеткіштеріне сәйкес жүзеге асырылады. Республикалық бюджетке белгіленген тәртіппен өзгертулер енгізілген

жағдайда Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі республикалық бюджетте бар қаржы ресурстарының шеңберінде бюджеттің кірістері мен шығыстарының өзгертілген жазбасын орындайды.

Республикалық бюджеттің есебінен шығыстарды қаржыландыру үшін министрліктерге, мемлекеттік комитеттер мен басқа да орталық атқарушы органдарға айына бір рет (айдың 2-күнінен кейін) мынадай режимде кредиттер ашылады:

а) шығыстардың мынадай түрлерін қаржыландыру бірінші кезекте жүргізіледі:

есептемелері жасалған жалақы;

стипендиялар;

зейнетақылар;

тамақтану;

дәрі-дәрмектері;

айрықша шығыстар.

б) екінші кезекте:

шаруашылық шығыстары;

іссапарлар мен қызмет бабындағы жол жүрулер;

жабдықтар мен құрал-саймандар, жұмсақ құралдар мен арнаулы киімдер сатып алу;

үйлер мен құрылыстарды күрделі жөндеуден өткізу, күрделі қаржы;

банктердің жарғылық қорларына төленетін жарналар;

өзге және басқа да шығыстар (субвенциялар, мақсатты қаржыландыру қорлары және сыртқы және ішкі борыштарды өтеу жөніндегі шығыстарды қоса алғанда).

Кредиттер ашуды қазынашылық шешімдермен белгіленген лимиттер шегінде және республикалық бюджеттің кіріс бөлігіне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісілген болжамдық (күтілетін) қаражат түсімінің негізінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жүзеге асырады.

Шығыстар кірістерден есепті айдан кейін келетін айдың 1-күніне асып кеткен жағдайда шығыстардың кірістерден асып кеткен сомасына Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі таяу арада өткізілген үш саудаласудың орташа алынған ставкасы бойынша мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер рәсімдейді.

Республикалық бюджеттің қаражатын пайдалану қатаң түрде нысаналы арналымда жүзеге асырылады. Келесі айға республикалық бюджет бойынша кредиттер ашу бұдан

бұрын ашылған кредиттердің пайдаланылуын ескере отырып жүргізіледі.

Республикалық бюджеттің шығыстарын дереу қаржыландыруды қажет ететін күтпеген жағдайлар пайда болса, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің қаржыландыру тәртібін өзгертуге құқығы бар.

ЕСКЕРТУ. Ережеге өзгертулер енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.09.30.

№ 1195 қаулысымен. Р961195\_